

Эстетические взгляды Абая и источники его музыкального творчества

В данной статье раскрыты основные вопросы о музыкальном наследии Абая Кунанбаева и рассмотрено их значение в учебно-воспитательном процессе

Музыкальное творчество, музыкальное наследие, поэзия Абая.

N.K.Sultanova,
Kazakhstan, Semey

Abay's aesthetic views and sources of its musical creativity

The article discusses musical heritage of Abay Kunanbaev and its significance in the educational process.

Keywords: *musical creativity, musical heritage, Abay's poetry.*

Абай Кунанбаев – ярчайшая страница в культурной жизни казахского народа. Его просветительская, поэтическая и композиторская деятельность, педагогические, философские и общественно-политические взгляды оказали огромное прогрессивное влияние на развитие духовной культуры родного народа. Путь к лучшей жизни поэт видел в просвещении, в укреплении связей с прогрессивными людьми Росси, в освоении передовой русской культуры. «Главное, - писал он, - научиться русской науке. Наука, знание, достаток, искусство – все это у русских. Для того, чтобы избежать пороков и достичь добра, необходимо знать русский язык и русскую культуру. Русские видят мир. Если ты будешь знать их язык, то на мир откроются и твои глаза».

Абай очень высоко ценил значение музыки в жизни общества. Абай видит в лице поэта прежде всего гражданина, борца за правду. Он рассматривает искусство как одно из тех средств, которое способно обновить человека, влиять на его психику и мировоззрение. Абай провозглашает большую общественную значимость песни и певца, говорит о социальной роли поэта в создании произведений, правдиво отражающих картины и образы современного ему общества.

Абай сам был высоким образцом такого поэта-гражданина. Он возмущался пороками и несправедливостью волостных, богачей, выступал глашатаем правды, обличителем социального зла своего времени.

В стихотворении «Өлең – сөздің патшасы, сарасы» («Поэзия – властитель языка») Абай излагает свои эстетические принципы: какова должна быть поэзия, чем определяется ее художественный уровень, что служит критерием подлинного совершенства, от какого типа певцов и песен нужно отказаться. Требования Абай к поэзии – значительность мысли, чистота и весомость слов:

Поэзия – властитель языка,
Из камня чудо высекает гений.
Теплеет сердце, его речь легка,
И слух ласкает красота речений.

Одним из важных моментов, определяющих уровень подлинного художественного произведения, поэт считает соответствие формы и содержания. При этом он указывает на преобладание содержания над формой.

Утверждая высокий смысл настоящей поэзии и благородную роль певца, Абай уничтожающе критикует тех певцов, которые могут осквернить и унижить искусство:

В толпе с кобызом пели и с домброй,

Хвалили всех, скитаясь по дорогам.
Бродили попрошайкою порой,
Позоря песню, проклятые богом.
Бродяга за подачку расточал
Душевный жар свой, теша встречных лестью,
На стороне чужой, ценой похвал,
Он добивался невысокой чести.

Поэт вдумчиво и чутко вникал в дух, характер народной песни, постигал глубокое своеобразие ее выразительных средств и выразил свое восхищение в ряде прекрасных стихов: «Құлақтан кіріп, бойды алар» («Красивою песней под струнный звон»), «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» («Если умер близкий – скорбен человек»), «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» («Птицы-песни во всех направленьях летят»), «Өзгеге көңілім тоярысың» («Всем пресытиться может душа») и других.

В одних стихах поэт говорит о грамадном значении песни, сопутствующей человеку от рождения до самой смерти, деля с ним все его радости и печали.

В других автор прославляет ту магическую силу песни, которая, проникая в самые глубины души, способна пробудить сокровенные чувства.

В стихотворении «Птицы-песни во всех направленьях летят» Абай определяет характер казахской народной песни, льющейся привольно и широко:

...Песня, нотой высокой начавшись, парит
И как будто бы «Слушай меня!» говорит
И тогда не услышишь звуков иных...
Вникни в музыку, сердцем с мелодией слит!

Песня вызывает вдохновение, окрыляет человека, одухотворяет его; исцеляет от недугов, ею можно выразить радость и печаль. Но не всякая песня, по мнению Абая, может удовлетворить запросы слушателей. Вместе с тем не всякий способен услышать и правильно оценить песню. Песню может понять только человек, которому доступны высокие и благородные порывы.

Поэты и певцы, утверждает Абай, правдивым изображением и силой своего большого искусства могут стать подлинными художниками и властителями дум народа.

Абай жил и творил во второй половине XIX века. Это было время наивысшего расцвета казахской музыки досоветского периода. Ее бессмертные образцы, отшлифованные на протяжении веков, достигли большого совершенства. Нет уголка в республике, где бы не были известны они. Ни один композитор прошлого и настоящего в Казахстане не был так популярен, распространен в массах, как Абай.

ЛИТЕРАТУРА

1. Кунанбаев, Абай. Собрание сочинений. Т I, II : стихотворения, поэмы, проза / А. Кунанбаев. – Алматы, 2005. – 325 с.
2. Дернова, В.П. Абай әндері және орыс мәдениеті / В.П. Дернова // Әдебиет және искусство. – Алматы. 1954. – № 4.
3. Жизнь и творчество Абая : сб. ст. / под ред. М. Ахинжанова, З. Ахметова. – Алматы, 1954.
4. Бисенова, Г.Н. Песенное творчество Абая / Г.Н. Бисенова. – Алматы : Дайк-Пресс, 2004. – 167 с.

УДК 78

Н.К. Султанова,
г.Семей, Республика Казахстан

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Музыка саласында жазба мәдениеттің болмауына қарамастан, Абай әндерінің бізге толық жеткен себебі олардың халықтың жүрегінде сақталуға сапасы сай келетін шығармалар болғандығында, халық санасынан өшпес орын алғандығында.

Абай әндері, халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды қазақтың халықтық музыка салтында болмаған жаңа музыкалық өткір тіл мен жаңашыл өлең текстіне құрылуы да себеп болды. Абай әндері бізге, автордың өз нұсқасындай өзгеріссіз, қосымшасыз жетті деп айта алмаймыз. Ауыз дәстүрі әрқашанда да бұл жағына өз әсерін тигізіп отырады. Орындаушылардың неше алуан ерекшеліктеріне қарай Абай әндерінің өзгеріп отырғандығы даусыз. Бір ауылдан бір ауылға, бір елден бір елге жеткен сайын түрленіп, құбылып, алғашқы түбірінен алыстай беретін лақаптар сияқты ауыз дәстүрлік қалыптағы әндер де бастағы кейіпін өзгерте береді. Абай әндері де, осы айтқандай, бізге көптеген варианттармен жетті. Әр бір сөйлемі мен әрпі сөз мәдениетінен анағұрлым нәзік келетін ән мен күй, сол ауыздан-ауызға көшіп жүргенінде қаншама үн жаттағыштық зердесі күшті өнерпаз болса да, үйренген жерінен үйрететін жеріне жеткенше сөзсіз өзгерістерге ұшырайды. Қазақстандағы музыкатану өнері майданында, бұл мәселе әлі осы айтылып отырған тұрғыдан қаралып, зерттелген жоқ. Ғылыми жолға қойылған жоқ. Абайдың музыкалық мұрасы әлі күнге әдейілеп жиылған да жоқ. Біздің Абай әндерін білуіміз - әр композитордың өзінше нотаға түсіріп, әр орындаушының өзінше айтып, әр «өңдеушінің» өз білгенінше сүйеме жасап жүргендерін естуімізден әрі аспайды. Әрине, Абайдың композиторлық шығармашылығы, Абай әндерінің өзіне ғана тән ерекшеліктері, оның үлгісінде ән шығарудың негіздері, Абайдың ән-күйге деген көзқарастары – осылардың бәрі терең тексеруді, үңіле зерттеуді тілейтін нәрселер. Тағы бір айта кететін нәрсе – Абай әндері, сөзі, музыкасы біте қайнасып жатқандықтан, өзіне дейінгі қазақтың халық әндерімен, орындаушының көрінген әуенге жегіп алып, жүре беруіне келмеді. Мысалы: «Қараторғай», «Екі жирен», «Жиырма бес», «Аққұм» сияқты әндерді бірінің сөзімен бірін айта бересің де, Абайдың «Сегізаяқ», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Бойы бұлғаң» сияқты әндерін бірінің сөзімен бірін айта алмайсың. Қазақтың халықтық ән дәстүрінде бұлда бұрын-соңды кездеспеген жағдай деп айта аламыз. Абайдың композиторлыққа басқалардан өзгеше жолмен келуі, оның творчасында заманының алдын ораған жаңалықтарының болуы Абай әндерінің ырғақтық, үндік, мелодиялық жақтарның өзіне дейінгі қазақтың халық әндерінде болмаған қасиеттерге ие болуының тағы бір себебі – Абай ерекше бір музыкалық қабілетінің, музыканы жан-тәнімен сүюінің арқасында қазақтың халық музыкасын жақсы біліп, Семей қаласына гастрольге келген артистердің концерттерін тыңдап көру арқылы орыс музыкасымен тікелей танысып отырса, екінші жағынан айналасына топталған өнерпаздардың кейбіреулері орыс халқының музыкалық үлгілерімен таныс адамдар болды (өз баласы Әбдірахман, скрипкашы Мұха). Олар Абай шығарға әндерді тыңдаушы ғана емес, бабына келтіріп орындаушы, дос пейілді кеңесшілер еді.

Соңғы жалдарда Абайдың музыкалық мұрасы жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Соның ішінде Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Музыкалық білім» кафедрасының студенттері, педагогтері өздерінің дипломдық және басқа музыка зерттеу жұмыстарында Абай әндерін тақырып етіп алып жүр. Сондықтан Абай әндері де қазақтың басқа халықтық ән-күйлері сияқты, ауыздан-ауызға, заманнан-заманға ауыса отырып жетті. Абай дарынды композитор болды, өзінің нота сауатынан хабарсыздығына қарамастан, ән шығару ісінде айта қалғандай жаңалықтар тудырды. Оның басты себебі - Абай поэзиясындағы музыкалық шығармашылыққа да орыс халқының прогресшіл өнерінің артықшылығын түсініп, оны меңгеруге тырысты.

Өз заманында дара дарын иесі болған Абай ойшыл ақын ретінде қазақ поэзиясына ғана ұлан - ғайыр үлес қосқан жоқ, сонымен қатар композитор ретінде де халықтың музыкалық өнерінде едәуір байытты. Ол шын мәнісінде халық музыкасына көптеген соны түрі мен екпін енгізген әндері арқылы қазақ музыкасында өзгеше абайлық нақыш тудырды. Солардың ішінде «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе қаралы ол», Құлақтан кіріп бойды алар», «Өзгеге көңілім тоярсың» секілді шығармаларынан толық байқауға болады. Абай әндерін нотаға түсірген жоқ, сондықтан да ол әндерін алдымен өзі айтып таратты. Абайдың музыкалық мұрасы кәсіпқойлық музыка өнерінің жанрларын байыта түсуге көп ықпалын тигізді. Абай әндері тұтас, күйінде кейде олардың үзінділері көптеген опералық, симфониялық камералық және хор арналған шығармаларға кеңінен пайдаланып келеді. Олар қазақ музыкасында Абай тақырыбындағы шығармалар топтамасын құрайды, ал қазақ музыкасын зерттеу ғылымында музыка абайтану деген ғылыми жаңа саланы тудырды.

Абай әндерін нотаға түскен күннен бастап фортепианалық сүйемелдермен жеке дауысқа арналып, нотаға түсіріліп орындала бастады. Бертін келе Қазақстан композиторлары Абай әндерінің өздерінің шығармаларына тақырып арқау етіп енгізді. Абай әндері негізінде жеке аспаптарға (ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына) шағын ансамбльдерге (трио, квартет, квинтет) және үлкен оркестрге арнап шығармалар жазды.

Өз заманынан озық туған Абай қазақ жазба мәдениеті мен музыка өнерін биік сатыға көтеріп, не бір асыл жауһар өлеңдер мен биік тамаша әндер тудырған, шын мәніндегі көркем поэзия мен ән жанырына жаңашылық сипат рух берген, сөйтіп тек қазақ даласына ғана емес, бүкіл Шығыс халықтарына танымал болған ән жанырына жаңашылық сипат рух берген, сөйтіп тек қазақ даласына ғана емес, бүкіл Шығыс халықтарына танымал болған ұлы тұлға. Абай ән өнерінде жалғыз болмаған, оның қасында ән мен күйдің майын тамызған бір топ өнерпаз жастар болған. Олар Абайдың әндерін орындаушы әрі насихаттаушы балалары Әбіш пен Ақылбай, әнші Аламағамбет, скрипкашы Мұха әрі әнші, әрі ақынның сүйікті әйелі Әйгерім болған.

Өткен 2007 жылды екі елдің – Ресей мен Қазақстанның президенттері «Қазақстанда – Пушкин жылы», «Ресейде – Абай жылы» деп белгілеуі тегін емес. Екі ақынның өз заманында халықтар достығын нығайтуға зор үлес қосқандығын құрметтеу, әрі қазіргі ұрпаққа оларды және олардың шығармашылығын кеңірек таныстыру үшін жасалып отырған шара. Ұлы ақын-композитордың музыкалық шығармалары қазақтың қазіргі ұлттық мәдениетінің аса құнды бөлігіне айналды. Абай әндері тұтас күйінде, кейде олардың үзінділері көптеген опералық, симфониялық, камералық, және хорға арналған шығармаларға кеңінен пайдаланып келеді. Олар қазақ музыкасында Абай тақырыбындағы шығармалар топтамасын құрайды, ал қазақ музыка зерттеу ғылымында - музыкалық абайтану деген ғылыми жаңа саланы тудырды.

Сөйтіп қазақтың халықтық музыкалық дәстүрінде ол өзіне дейін болмаған жаңа үнді, жаңа ырғақты ән шығарды. Сонымен қатар ақын, композитор, орындаушы - үшеуі бір кісі болған тұста ол қолынан келгенше, солардың арасында еңбек бөлісінің керектігін сезініп, өз ауылында, айналасында да, сол жұмыстың басын бастап кетті. Өзінің баяу дауысымен шығарған үлкен сырлы әндерін халық көпшілігіне жеткізудің бар шарасын қолданды. Оның ән, күй, орындаушылық жөнінде қысқаша айтып кеткендердің әлі күнге дейін үлкен мәні зор.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құнанбаев А. Өзгеге көңілім тоярсың... Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – Б: 92.
2. Құнанбаев А. Өзгеге көңілім тоярсың... Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: жазушы. – Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 336б.